


Ағарту жұмыстары

Қыркүйек айында мектеп ішілік ата-аналар жиналысы болып өтті. Қыркүйек айында «Бес терек» жобасы аясындағы жылдық жоспарды бекітіп,



психологиялық қызметтің арнайы бағыттары бойынша: аутодеструктивті мінез-құлықты алдын алу және боладырмау, девиантты мінез-құлықты балалармен жүргізілетін жұмыс жоспары, тәуекелге бейім оқушылармен жұмыс жоспары, дарынды оқушылармен, үлгерімі төмен оқушылармен, қамқоршылық, қорғаншылықтағы оқушылармен, ұлттық бірінғай тестілеуге дайындықтағы оқушылармен жұмыс және мамандыққа бейімдеу (профферентация) т.б

жоспарларын құрдық.

Бітіруші түлектерге емтиханды тапсыруға қолдау көрсету мақсатында «Жаттаған, оқыған материалыңды ұмытпау үшін не істеу керек?» тақырыбында кеңестер берілді. Үлгермеуші оқушылармен жұмысқа педагог-психологтар пән мұғалімдеріне кеңестер берді. Желтоқсан айында педагог-психологтар «Жастар нашақорлыққа қарсы!» тақырыбында 9-11 сынып оқушылар арасында әңгіме, сұхбат жүргізді. Медбике А.Рахимова ДТДЖО А.Байқоңырова қатысты.



Педагогтардың сұранысы бойынша оқушыларға жеке кеңестер жүргізілді. Педагог-психологтар мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қарымқатынасты нығайту мақсатында «Мен жан-жақты мұғаліммін» тақырыбында тренинг сабақ өткізілді. Мұғалімдерге «Таныстыру жаттығуы, слайдтар, видеороликтер, ситуациялық сұрақтар және рольдік ойындар қойылды». Тренинг өте тамаша, өте қызықты өтті, мұғалімдер тренингтен алған өз ойларымен бөлісті.

Дайындаған: Л.Калиева, Н.Халмуратова